

ДЕНЕ ЖАРАҚАТТАРЫ БОЙЫНША САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІНІҢ КЕСТЕСІ

- Бір жазатайым оқиға нәтижесінде пайда болған және «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» бір бөлімінде айтылған бірнеше дене жарақаттары жағдайында сақтандыру төлемі сақтандыру төлемінің ең үлкен мөлшерімен жарақатты көздейтін бапқа сәйкес жүргізіледі. Егер дене жарақаттары белгілі бір бөлімнің бір бабының әртүрлі тармақтарында немесе бір бөлімнің әртүрлі баптарының түрлі тармақтарында келтірілген жағдайда дәл осындай тәртіп қолданылады.
- Бір жазатайым оқиға нәтижесінде пайда болған және «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» әртүрлі бөлімдерінде келісілген бірнеше дене жарақаттары жағдайында сақтандыру төлемі әрбір дене жарақаты бойынша жеке жүргізіледі, бірақ төлемдердің жалпы сомасы сақтандыру сомасынан аспауға тиіс.
- «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» бір бабында көрсетілген бір немесе бірнеше дене жарақаттары жағдайында сақтандыру төлемі дене жарақаттарының санына қарамастан осы бапқа сәйкес бір рет жүргізіледі.
- Егер «Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде» өзгеше көрсетілмесе, сақтандыру төлемінің мөлшері бір аяқ пен бір қол үшін дене жарақаты жағдайына белгіленеді, екі аяқ пен екі қолдың ұқсас дене жарақаттары кезінде сақтандыру төлемінің мөлшері екі еселенеді.
- «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» тиісті ескертпелерінде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтауға, қандай да бір дене жарақатының сипатын айқындауға және аталған кестенің ережелерін қолдану тәртібіне қатысты өзге де шарттар келтірілуі мүмкін. Жоғарыда келтірілген шарттар тиісті ескертпелердің шарттарымен қайшы келген жағдайда осы ескертпелердің шарттары қолданылады.

ДЕНЕ ЖАРАҚАТЫНЫҢ СИПАТЫ

№	1-БӨЛІМ. БАССҮЙЕК СҮЙЕКТЕРІ, ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІ	Сақтандыру төлемінің өлшемі (сақтандыру сомасынан %-бен)
1	Бассүйек сүйектерінің сынуы	
	а) күмбез сүйектерінің сыртқы пластинасы, тігістің ажырауы	5
	б) бассүйек күмбезі	15
	в) бассүйек негізі	20
	г) бассүйек күмбезі мен негізі	25
2	Бассүйек ішілік жарақатты гематомалар	
	а) эпидуральды	10
	б) субдуральды	15
	в) эпидуральды және субдуральды (миішілік)	20
3	Мидың зақымдануы	
	а) бассүйек қуысының алынбаған бөгде денелері (тігіс және пластикалық материалды қоспағанда)	15
	б) ми затының мылжалануы (белгілері көрсетілмеген)	50

Ескертпелер: 1. Егер бассүйек-ми жарақатына байланысты бассүйек сүйектеріне, миға және оның қабықтарына хирургиялық араласу орындалған болса, сақтандыру сомасынан 10% қосымша бір рет төленеді. 2. Бассүйек-ми жарақатының нәтижесінде көру өткірлігі немесе есту қабілеті төмендеген жағдайда (мидың шайқалуы мұндай жарақаттарға жатпайды) сақтандыру төлемі осы жарақатты және көрсетілген асқынуларды ескере отырып, тиісті баптар бойынша қосындылау жолымен төленеді.

4	Жүйке жүйесінің төмендегілерге әкеліп соқтырған жарақаттық зақымдануы:	
	а) арахноидит, энцефалит, арахноэнцефалит	10
	б) жоғарғы және төменгі монопарез (бір қолдың немесе бір аяқтың парезі)	30
	в) геми-немесе парапарез (екі қолдың немесе екі аяқтың парезі, оң немесе сол аяқ-қолдың парезі)	40
	г) монопарезия (бір қолдың немесе бір аяқтың салдануы)	50
	д) тетрапарез (қол немесе аяқ парезі)	70
	е) геми-, пара- немесе тетрапарезия, афазия (сөйлеу қабілетінен айрылу), декортикация, жамбас мүшелері функциясының бұзылуы	100

Ескертпе: 4-бапта көрсетілген жүйке жүйесі жарақатының салдарына байланысты сақтандыру сомасы, егер емдейтін мекеме оларды жарақат алған күннен бастап 3 айдан аспайтын мерзімде анықтаған болса және мұны осы мекеменің анықтамасымен растаған жағдайда, жарақаттың неғұрлым ауыр зардаптарын ескеретін тармақшалардың бірі бойынша төленеді. Бұл ретте сақтандыру сомасы жүйке жүйесінің зақымдануына әкеліп соқтырған сақтандыру оқиғаларына байланысты төленген сақтандыру сомасына қосымша төленеді. Төлемдердің жалпы сомасы 100%-дан аспауға тиіс.

5	Бір немесе бірнеше бассүйек-ми нервтерінің шеткі жарақаты	10
----------	--	-----------

Ескертпе: Егер бассүйек-ми нервтерінің зақымдануы бассүйек негізі сынған кезде орын алса, сақтандыру сомасы 1-бап бойынша төленеді; 5-бап бұл ретте қолданылмайды.

6	Жұлынның, ат құйрығының кез келген деңгейдегі жарақаты	
	а) қысылу, гематомия, полиомиелит	30
	б) ішінара үзілу	50
	в) жұлынның толық үзілуі	100

Ескертпе: Егер омыртқа мен жұлын жарақатына байланысты хирургиялық араласу орындалған болса, сақтандыру сомасынан 10% қосымша бір рет төленеді.

7	Мойын, иық, бел, сегізкөз өрімінің зақымдануы (үзілуі, жарақаттануы)	
	а) жарақаттық плексит	10
	б) өрімнің ішінара үзілуі	40
	в) өрімнің үзілуі	70

Ескертпе: 1. 6 және 7-баптар бірге қолданылмайды. 2. Жарақатқа байланысты туындаған невралгиялар, невропатиялар сақтандыру төлемін жасауға негіз бермейді

8	Нервтердің үзілуі:	
	а) қолбасының кәріжілік, шынтақ және орталық тармақтары (саусақ нервтері)	5
	б) кәріжілік-білезік буыны мен білек деңгейіндегі бір кәріжілік, шынтақ және орталық, кіші жілік немесе асық жілік нервтері	10
	в) екі және одан артық: кәріжілік-білезік буыны мен білек деңгейіндегі кәріжілік, шынтақ және орталық, кіші жілік немесе асық жілік нервтері	20
	г) бір: кәріжілік, шынтақ және орталық - шынтақ буыны мен иық, шонданай немесе ортан жілік деңгейінде	30
	д) екі және одан артық: қолтықасты, кәріжілік, шынтақ және орталық - шынтақ буыны мен иық, шонданай немесе ортан жілік деңгейінде	40

Ескертпе: Табан, аяқ саусақтары және қолбасы деңгейіндегі жүйке жарақаты сақтандыру төлемін жасауға негіз бермейді

№	2-БӨЛІМ. КӨРУ ОРГАНДАРЫ	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
9	Бір көздің көзикемінің салдануы	15
10	Гемиянопия (бір көздің көру аймағының жартысының жойылуы), көз алмасы бұлшықетінің жарақаты (жарақатты қылилық, төмен ығысу, қосарлану)	15
11	Бір көздің көру аймағының тарылуы (шоғырланбаған және шоғырланған)	10
12	Бір көздің лүпілдек экзофтальмі	15
13	Көру өткірлігінің төмендеуіне әкелмеген көз жарақаты: көз алмасын тесіп өтпеген, тесіп өткен жарақат, II, III дәрежелі күйіктер, гемофтальм	3

Ескертпелер: 1. Дәрежесі көрсетілмеген көз күйігі, сондай-ақ патологиялық өзгерістерге әкеліп соқпаған 1-дәрежелі көз күйігі сақтандыру төлемін жасауға негіз бермейді. 2. Егер 13-бапта аталған жарақаттар көру өткірлігінің төмендеуіне әкеліп соқтырса, сақтандыру сомасы 19-бапқа сәйкес төленеді; 13-бап бұл ретте қолданылмайды. Егер көз алмасының жарақатына байланысты 13-бап бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылса, ал болашақта жарақат көру өткірлігінің төмендеуімен ауырлатылса және бұл сақтандыру төлемін көбірек мөлшерде жүзеге асыруға негіз болса, бұрын жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің сомасы ұсталады. 3. Көру өткірлігінің төмендеуіне әкеліп соқпаған көз қабығындағы үстірт бөгде денелер, көз алмасының соғылуы, контузиялануы сақтандыру төлемін жасауға негіз бермейді.

14	Жас шығару жолдары функциясының бұзылуына әкеліп соқтырған бір көздің жас шығару жолдарының жарақаты.	5
15	Көз жарақатының салдары:	
	а) кератит, иридоциклит, хориоретинит	5

Ескертпе: Егер көз жарақатынан кейін 3 ай өткен соң көз дәрігері 9, 10, 11,12,15-баптарда аталған патологиялық өзгерістердің бар екенін және көру өткірлігінің төмендегенін анықтаса, сақтандыру төлемі барлық салдарды ескере отырып, қосындылау жолымен, бірақ бір көз үшін сақтандыру сомасының 50%-нан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады.

16	Төмендегілерге әкеліп соқтырған көз жарақаты:	
	а) бір көздің немесе көру өткірлігі кез келген деңгейдегі екі көздің көру қабілетінің толық жойылуы	100
	б) көру өткірлігі 0,1-ден төмен емес бір көздің көру қабілетінің толық жойылуы	40
17	в) көз алмасының жарақаты нәтижесінде алып тастау (жарақатқа дейін көрген көзді де, соқыр көзді де)	10
18	Көз уя сынығы	10
19	Көру өткірлігінің төмендеуіне әкеліп соқтырған көз зақымдануы (№. 1 кестені қараңыз)	

Ескертпелер: 1. Жарақат нәтижесінде көру өткірлігінің төмендеуіне және басқа да салдарға байланысты сақтандыру төлемі туралы шешім емдеу аяқталғаннан кейін, бірақ жарақатқа әкеліп соқтырған жазатайым оқиға болған күннен бастап 3 айдан ерте емес мерзімде қабылданады. Осы мерзім аяқталғаннан кейін Сақтанушы екі көзінің көру өткірлігін (түзетуді есепке алмағанда) және келтірілген дене жарақатының басқа салдарын анықтау үшін көз дәрігеріне жіберіледі. Мұндай жағдайларда 13, 14, 18-баптар бойынша жарақаттарды ескере отырып, алдын ала сақтандыру төлемі жүргізілуі мүмкін. 2. Егер жарақат алғанға дейін жарақаттанған көздің көру өткірлігі туралы ақпарат болмаса, онда ол шартты түрде жарақаттанбаған көзбен бірдей болды деп саналуы керек. Алайда, егер жарақаттанбаған көздің көру өткірлігі жарақаттанғаннан төмен болса, жарақаттанған көздің көру өткірлігі шартты түрде 1,0 болды деп есептеледі. 3. Егер жарақат нәтижесінде екі көзге де зақым келтірілген болса және жарақат алғанға дейін олардың көру қабілеті туралы ақпарат болмаса, олардың көру өткірлігі шартты түрде 1,0 болды деп саналуы керек. 4. Егер көру өткірлігінің жарақаттан кейінгі төмендеуіне байланысты жасанды көз қарашығы имплантацияланған немесе түзеткіш линза қолданылған жағдайда, сақтандыру төлемі операцияға дейінгі көру өткірлігін ескере отырып жүзеге асырылады.

5. 0,01-ден төмен және жарық сезінуге дейінгі көру өткірлігі (саусақ санау) толық соқырлыққа (0,00) теңеледі.

№	3-БӨЛІМ. ЕСТУ ОРГАНДАРЫ	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
20	Төмендегілерге әкеліп соқтырған құлақ қалқанының жарақаты:	
	а) құлақ қалқанының 1/3 бөлігіне дейін болмауы	5
	б) құлақ қалқанының 1/3 - 1/2 бөлігінің болмауы	7
	в) құлақ қалқанының 1/2 бөлігінен астам болмауы	10

Ескертпе: 1. 20-бап бойынша сақтандыру төлемі туралы шешім жара жазылғаннан кейін жүргізілген куәландыру негізінде қабылданады.

21	Есту қабілетінің төмендеуіне әкеліп соқтырған бір құлақтың жарақаты:	
	а) 1-ден 2 м-ге дейінгі қашықтықтан сыбырлап сөйлеу (500, 1000, 4000 гц жиілікке байланысты аудиограмма деректері бойынша 30-50 дБ-ге төмендеу)	5
	б) сыбыр - 0, сөйлеу 1 м-ге дейін (500, 1000, 4000 гц жиілікке байланысты аудиограмма деректері бойынша 60-80 дБ-ге төмендеу)	15
	в) толық керемдік (сөйлеу - 0)	35

Ескертпе: 1. 21-бап бойынша сақтандыру төлемі туралы шешім емдеу аяқталғаннан кейін аспаптық зерттеулердің деректері бойынша жүргізілген куәландыру негізінде, бірақ жарақаттанған күннен бастап 3 айдан ерте емес мерзімде қабылданады.

№	4-БӨЛІМ. ТЫНЫС АЛУ ЖҮЙЕСІ	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
22 23	Сүйектердің, мұрын шеміршегінің, маңдай, гаймор қуысының алдыңғы қабырғасының, торлы күйектің сынуы, шығып кетуі	5
	Төмендегілерге әкеліп соқтырған кеуде қуысы мен оның органдарының жарақаты:	
	а) өкпенің бір үлесін, бөлігін алып тастау	25
	б) бір өкпені алып тастау	50

Ескертпе: 23-баптың б) тармағы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде 23-баптың а) тармағы қолданылмайды.

24	Кеуде қуысының тесіп өткен жарақаты, жарақатқа байланысты жасалған торакоскопия, торакоцентез, торакотомия	
	а) кеуде қуысы органдарының зақымдануынсыз, торакотомияның жасалуын талап етпейтін тесіп өткен жараға байланысты жасалған торакоскопия, торакоцентез	5
	б) торакотомия	15
	в) екінші қайтара торакотомиялар (олардың санына қарамастан)	5

Ескертпелер: 1. Егер кеуде қуысы мен оның органдарының жарақаттануына байланысты өкпе немесе оның бір бөлігі алынып тасталған болса, сақтандыру төлемі 23-бапқа сәйкес жүзеге асырылады; бұл ретте 24-бап қолданылмайды. 2. Егер кеуде қуысының жарақатына байланысты торакоскопия, торакоцентез, торакотомия жүргізілсе, сақтандыру төлемі неғұрлым күрделі араласуды ескере отырып, бір рет жүзеге асырылады.

25	Функциялардың бұзылуына әкеліп соқтырмаған көмейдің, кеңірдектің, қалқанша шеміршектің жарақаты, тіласты сүйегінің сынығы, жоғарғы тыныс жолдарының күйігі.	5
26	Көмейдің, кеңірдектің, тіласты сүйегінің, қалқанша шеміршектің жарақаты, төмендегілерге әкеліп соқтырған жарақатқа байланысты жасалған трахеотомия:	
	а) дауыстан айрылу, жарақаттан кейін кем дегенде 3 ай бойы трахеотомиялық түтікпен жүру	10
	б) дауыстан айрылу, жарақаттан кейін кем дегенде 6 ай бойы трахеотомиялық түтікпен жүру	15

Ескертпе: Сақтанушы өз өтінішінде келтірілген жарақат көмей немесе кеңірдек функциясының бұзылуына әкеліп соқтырғанын көрсеткен жағдайда, 26-бап бойынша сақтандыру төлемі 25-бап бойынша жарақатқа байланысты жүзеге асырылған сақтандыру төлеміне қосымша жүргізіледі; жарақаттан кейін 3 ай өткен соң маманның қорытындысын алу қажет. Осы мерзімге дейін сақтандыру төлемі 25-бап бойынша жүргізіледі.

№	5-БӨЛІМ. ЖҮРЕК-ТАМЫР ЖҮЙЕСІ	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
---	-----------------------------	---

27	Жүректің, оның қабығының және ірі магистралды тамырларының жүрек-тамыр функциясының жеткіліксіздігіне әкеліп соқтырмаған жарақаты.	15
28	Жүректің, оның қабығының және ірі магистралды тамырларының жүрек-тамыр функциясының жеткіліксіздігіне әкеліп соқтырған жарақаты.	
	а) 1-дәрежелі	15
	б) 2-3-дәрежелі	25

Ескертпе: Егер анықтамада жүрек-тамыр функциясы жеткіліксіздігінің дәрежесі көрсетілмесе, 28-бап бойынша сақтандыру төлемі жасалмайды.

29	Төменде көрсетілген деңгейлерде орналасқан ірі шеткі тамырлардың жарақаты (қан айналымының бұзылуына әкеліп соқтырмаған):	
	а) иық, сан	10
30	б) білек, сирақ	5
	Қан тамырлары функциясының жеткіліксіздігіне әкеліп соқтырған ірі шеткі тамырлардың жарақаты	15

Ескертпелер: 1. Ірі магистральды тамырларға мыналар жатады: қолқа, өкпе, атаусыз, ұйқы артериялары, ішкі мойындырық веналар, жоғарғы және төменгі қуыс веналар, қақпалық вена және ішкі органдардың қан айналымын қамтамасыз ететін магистральды тамырлар. Ірі шеткі тамырларға мыналар жатады: бұғана асты, қолтық асты, иық, шынтақ және кәріжілік күретамырлары, мықын, сан, тізе асты, алдыңғы және артқы асықты жілік күретамырлары; иық-бас, бұғана асты, қолтық асты, сан және тізе асты веналары. 2. Егер төлем туралы өтініште жарақат жүрек-тамыр жүйесі функциясының бұзылуына әкеліп соқтырғаны көрсетілсе, маманның қорытындысын алу қажет. 3. Егер 28, 30-баптарда көрсетілген жарақаттың асқынулары жарақат алғаннан кейін 3 ай өткен соң медициналық мекемеде анықталған болса және бұл осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, көрсетілген баптар бойынша сақтандыру төлемі қосымша жүргізіледі. Осы мерзімнен бұрын сақтандыру төлемі 27, 29-баптар бойынша жүргізіледі. 4. Егер ірі тамырлардың жарақаттануына байланысты операциялар жасалса, тамырлы арнаны қалпына келтіру мақсатында қосымша сақтандыру сомасының 5%-ы мөлшерінде сақтандыру төлемі бір рет жүзеге асырылады.

№	6-БӨЛІМ. АС ҚОРЫТУ ОРГАНДАРЫ	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
31	Жоғарғы жақтың, жақ сүйегінің немесе төменгі жақтың сынуы	
	а) бір сүйектің сынуы	5
	б) екі және одан артық сүйектің сынуы немесе бір сүйектің қос сынығы	10

Ескертпе: 1. Тістерді жоғалту кезінде пайда болған альвеолалық өсіндінің сынуы сақтандыру төлеміне негіз бермейді.
2. Егер жақтың жарақатына байланысты хирургиялық араласу орындалған болса (шиналауды қоспағанда), сақтандыру сомасынан қосымша 5% бір рет төленеді

32	Төмендегілердің жойылуына әкеліп соқтырған жақ жарақаты:	
	а) жақтың бір бөлігі (альвеолалық өсіндіні есептемегенде)	40
	б) төменгі жақтың толығымен жойылуы	50

Ескертпелер: 1. Төменгі жақтың жалпы ақауына немесе жақтың бір бөлігінің болмауына байланысты сақтандыру төлемі кезінде олардың санына қарамастан тістердің жойылуы да қосылады. 2. Жақ жарақаты ауыз қуысының басқа мүшелерінің жарақатымен бірге жүретін жағдайларда (34-бап), сақтандыру төлемі түрінде төленуге жататын сақтандыру сомасының пайызы тиісті баптар бойынша осы зақымдарды есепке ала отырып, қосындылау жолымен айқындалады. 3. 33-бап бойынша сақтандыру төлемі кезінде жедел операциялар үшін қосымша сақтандыру төлемі жасалмайды.

33	Төмендегілерге әкеліп соқтырған тіл жарақаты:	
	а) тіл ұшының болмауы	5
	б) тілдің дистальды үштен бірінің болмауы	10
	в) тілдің ортаңғы үштен бір деңгейінде болмауы	20
	г) тілдің түбір деңгейінде болмауы немесе тілдің толығымен болмауы	50
34	д) жұтқыншақ, өңеш, асқазан, ішек жарақаты (жарасы, үзілуі, күйігі), сондай-ақ осы зақымдануларға байланысты немесе өңештен, асқазаннан бөгде заттарды алып тастау мақсатында жасалатын, функционалдық бұзылыстарға әкеліп соқтырмайтын эзофагогастростомия	5
35	Өңеш жарақаты (жарасы, үзілуі, күйігі)	
	а) өңештің тарылуын тудырған	40
	б) өңеш бітелісі (гастростомия болған кезде), сондай-ақ өңеш пластикасынан кейінгі күй	80

Ескертпе: 35-бап бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері жазатайым оқиға болған күннен бастап 6 айдан кейін айқындалады. Осы мерзімнен бұрын сақтандыру төлемі 35-бап бойынша алдын ала жүзеге асырылады және оның мөлшері 36-бап бойынша төленуі тиіс сақтандыру төлемінің мөлшерінен шегеріледі.

36	Алдыңғы құрсақ қабырғасының, диафрагманың немесе операциядан кейінгі тыртық аймағында дене жарақаты орнында пайда болған жарық, егер операция жарақатқа байланысты жасалса немесе осындай жарыққа жасалған операциядан кейінгі жағдай	5
----	--	---

Ескертпе: 1. Егер аталған бап бойынша жарық осы жарақаттың тікелей салдары болып табылса, 36-бап бойынша сақтандыру төлемі іш қуысы органдарының жарақаттануына байланысты белгіленген сақтандыру төлеміне қосымша жүзеге асырылады. 2. Ауыр заттарды көтеру нәтижесінде пайда болған іштің жарығы (кіндік, ақ сызық, шап және шап-ұмалық) сақтандыру төлеміне негіз бермейді.

37	Төмендегілерге әкеліп соқтырған жарақат нәтижесіндегі бауыр жарақаты:	
	а) бауырдың операцияны қажет етпейтін капсула асты үзілуі, гепатит, тікелей жарақатқа байланысты туындаған сарысулық гепатит.	5
	б) бауыр функциясының жеткіліксіздігі	10
38	Төмендегілерге әкеліп соқтырған бауыр, өт қабы жарақаты:	
	а) бауырдың үзілген жерлерін тігу немесе өт қабын алып тастау	15
	б) бауырдың бір бөлігін алып тастау	20
	в) бауырдың бір бөлігі мен өт қабын алып тастау	30
39	Төмендегілерге әкеліп соқтырған көкбауыр жарақаты:	
	а) көкбауырдың операцияны қажет етпейтін капсула асты үзілуі	5
	б) көкбауырды алып тастау	20
40	Төмендегілерге әкеліп соқтырған асқазан, ұйқы безі, ішек, шажырқай жарақаты:	
	а) асқазан, ішек, ұйқы безінің бір бөлігін кесіп алу	30
	б) асқазанды кесіп алу	60

Ескертпе: 1. Осы бөлімнің бір бабының бірнеше тармағында аталған жарақат салдары туындаған жағдайда, сақтандыру төлемі оның ең үлкен мөлшерін көздейтіндерінің біріне сәйкес жүзеге асырылады. 2. Әртүрлі баптарда аталған жарақат салдары туындаған жағдайда сақтандыру төлемі әрбір бапты ескере отырып, қосындылау жолымен жүргізіледі.

41	Төмендегілердің орындалуына әкеліп соқтырған құрсақ қуысының жарақаты:	
	а) лапароскопия (лапароцентез)	5
	б) құрсақ органдарының жарақаттық зақымдануы кезіндегі лапаротомия (оның ішінде лапароскопиямен, лапароцентезбен)	15

Ескертпе: Егер құрсақ қуысы органдарының жарақаттануына байланысты 38-40-бап бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін негіздер болса, сақтандыру төлемі тек көрсетілген бапқа сәйкес жүргізілуі тиіс жағдайларды қоспағанда, 41-бап қолданылмайды.

№	7-БӨЛІМ. НЕСЕП ШЫҒАРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ЖЫНЫСТЫҚ ЖҮЙЕ	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
42	Төмендегілерге әкеліп соқтырған бүйрек жарақаты:	
	а) бүйректің соғылуы, хирургиялық араласуды қажет етпейтін бүйректің капсула асты жарылуы	5
	б) бүйректің бір бөлігін алып тастау	25
	в) бүйректі алып тастау	50
43	Төмендегілерге әкеліп соқтырған несеп шығару жүйесі органдарының (бүйректің, несепағардың, қуықтың, несеп шығару каналының) жарақаты:	
	а) бүйрек функциясының жіті жеткіліксіздігі	10
	б) ұзақ жаншылу синдромы (жарақаттық токсикоз, краш-синдром, мылжалану синдромы)	30
	в) бүйрек функциясының созылмалы жеткіліксіздігі	40

Ескертпе: 1. Егер жарақат нәтижесінде зәр шығару жүйесінің бірнеше органдарының қызметі бұзылса, сақтандыру төлемінің мөлшері дене жарақатының ең ауыр салдарын ескеретін 43-баптың бір тармағы бойынша анықталады. 2. Асқынулар жазатайым оқиғадан кейін 3 ай өткен соң болған жағдайда 43-баптың тармақтарында аталған жарақат салдарына байланысты сақтандыру төлемі жүргізіледі. Осы мерзімнен бұрын сақтандыру төлемі 42-бап бойынша жүзеге асырылады және оның мөлшері 43-бап бойынша төлеуге жататын сақтандыру төлемінің мөлшерінен шегеріледі.

44	Төмендегілерге әкеліп соқтырған жыныстық жүйенің жарақаты:	
	а) бір анабезді, жатыр түтігін, атабезді алып тастау	15
	б) екі анабезді, екі жатыр түтігін, атабездерді, жыныстық мүшенің бір бөлігін алып тастау	30
	в) мынадай жастағы әйелдердің жатырдан айрылуы:	
	40 жасқа дейін/40-тан	50
	50 жасқа дейін	30
	50 жас және одан жоғары	15
	г) жыныстық мүшеден және екі атабезден айрылу	50

№	8-БӨЛІМ. ЖҰМСАҚ ТІНДЕР	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
45	Күйіктер (№. 2 кестені қараңыз)	

Ескертпелер: 1. Функцияның бұзылуына әкеліп соқтырған тыныс алу жолдарының күйіктері кезінде сақтандыру төлемі сақтандыру сомасының 10%-ын құрайды. 2. Зардап шеккен адамның дене бетінің 1%-ы оның қолбасындағы алақан бетінің ауданына тең.

46	Жұмсақ тіндердің жарақаты:	
	а) хирургиялық (жедел) араласуға әкеліп соқтырған бұлшықеттің (бұлшықеттердің) толық жарылуы	3
	б) хирургиялық (жедел) араласуға әкеліп соқтырған сіңірлердің, байламдардың толық жарылуы, аутотрасплантат алу	5

Ескертпе: Егер жарақаттың аталған асқынуы сақтандырылған адамда жарақаттан кейін 1 ай өткеннен кейін пайда болған жағдайда, басылып қайтпаған гематомаға байланысты сақтандыру сомасы төленеді/мөлжем.

№	9-БӨЛІМ. ОМЫРТҚА, КЕУДЕ ҚУЫСЫ	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
47	Омыртқа (сегізкөз бен құйымшақты қоспағанда) денелерінің, доғаларының және буындық өсінділерінің сынуы, сынуы-шығып кетуі немесе шығып кетуі:	
	а) бір-екі:	20
	б) үш-бес	35
48	в) алты және одан артық	50
49	Омыртқа аралық байламдардың үзілуі (стационарлық емдеу мерзімі кем дегенде 14 күн болғанда)	5
50	Көлденең немесе қылқанды өсіндінің сынығы	2
51	Сегізкөз, құйымшақ сынығы	5
52	Төс сынығы	5
	Әр қабырғаның сынуы немесе қабырға доғасының шеміршек бөлігіндегі сынық	2

Ескертпелер: 1. Егер омыртқаның (оның ішінде сегізкөз бен құйымшақтың) жарақатына байланысты хирургиялық операциялар жүргізілсе, сақтандыру сомасының 10%-ы мөлшерінде бір рет қосымша сақтандыру төлемі жасалады, қаңқаны созу арқылы консервативті емдеу кезінде 5%-ы мөлшерінде жүзеге асырылады. 2. Егер омыртқалардың сынуы немесе шығып кетуі жұлынның зақымдануымен бірге жүрсе, сақтандыру төлемі екі зақымдануды ескере отырып, қосындылау жолымен жүзеге асырылады. 3. Егер бір жарақаттың салдарынан омыртқа денесінің сынуы, байламдардың жарақаты, көлденең немесе қылқанды өсінділердің сынуы орын алса, сақтандыру төлемі ең ауыр жарақатты көздейтін бап бойынша бір рет төленуге тиіс. 4. Қабырғалар сынған жағдайда өткізілетін реанимациялық іс-шаралар кезінде сақтандыру сомасы жалпы негіздерде төленеді. 5. Емдеу мекемелерінен зақымдалған қабырғалардың саны туралы әртүрлі мәліметтері бар бірнеше анықтама болған кезде жарақат бойынша емдеу жүргізілген стационардан немесе соңғы емдеу мекемесінен келген анықтама негізге алынады немесе шешім консультант-дәрігердің рентгенограммаларды зерделеуі негізінде қабылданады.

№	10-БӨЛІМ. ҚОЛ: ЖАУЫРЫН, БҰҒАНА	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
53	Жауырынның, бұғананың сынуы, топшы-бұғана, төс-бұғана тоғысымдарының толық жыртылуы	
	а) бір сүйектің сынуы, шығып кетуі, сіңірлердің, бір тоғысым байламдарының толық жыртылуы	5
	б) екі сүйектің сынуы, бір сүйектің қос сынуы, екі тоғысымның жыртылуы немесе сынуы, бір сүйектің шығып кетуі және бір тоғысымның жыртылуы, бұғананың сынуы-шығып кетуі	10
	в) екі тоғысымның жыртылуы және бір сүйектің сынуы, екі сүйектің сынуы және бір тоғысымның жыртылуы	15
	г) бітіспеген сынық (жалған буын)	15

Ескертпелер: 1. Егер 53-бапта көрсетілген зақымдарға байланысты жедел араласулар жүргізілген жағдайда, сақтандыру сомасының 5%-ы мөлшерінде бір рет қосымша сақтандыру төлемі жасалады. 2. Егер жарақаттың бұл асқынуы 52-тармақтың а), б), в) тармақшаларына сәйкес жазатайым оқиғадан кейін 6 ай өткен соң медициналық мекемеде анықталған болса және осы мекеменің анықтамасымен расталса, бітіспеген сыныққа (сынықтарға) (жалған буынға) байланысты сақтандыру төлемі жүзеге асырылады. Бұл төлем қосымша болып табылады, бір рет жасалады.

№	11-БӨЛІМ. ҚОЛ: ИЫҚ БУЫНЫ	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
54	Иық буыны аймағының жарақаттары (жауырынның буын қуысы, иық сүйегінің басы, анатомиялық, хирургиялық мойын, төмпешіктер, буын қапшығы)	
	а) сіңірлердің толық жыртылуы, буын капсулалары, сүйек фрагменттерінің, соның ішінде үлкен төмпешіктің үзілуі, жауырынның буын қуысының сынығы, иықтың шығып кетуі	5
	б) иықтың сынуы (анатомиялық басы, хирургиялық мойны), иықтың сынуы-шығып кетуі	10
55	Төмендегілерге әкеліп соқтырған иық белдеуінің жарақаттары:	
	а) буында қозғалыстың болмауы (анкилоз)	15
	б) иық буынын құрайтын сүйектердің буын беттерін кесу нәтижесінде «салбырап қалған» иық буыны	30

Ескертпелер: 1. Егер осы бапта аталған асқынуларды медициналық мекеме жарақат алғаннан кейін 6 ай өткен соң анықтаса және бұл осы мекеменің анықтамасымен расталса, 55-бап бойынша сақтандыру төлемі иық буыны саласындағы зақымдануларға байланысты жүзеге асырылған сақтандыру төлеміне қосымша жүргізіледі. 2. Егер иық буынының жарақатына байланысты хирургиялық араласу жүргізілсе, сақтандыру сомасынан 10% қосымша бір рет төленеді.

№	12-БӨЛІМ. ҚОЛ: ИЫҚ	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
56	Иық сүйегінің сынуы	
	а) буын аймағынан басқа кез келген деңгейде (жоғарғы, ортаңғы, төменгі үштен бір бөлігі)	10
	б) қос сынық	20
57	Бітіспеген сынықтың (жалған буынның) пайда болуына әкелген иық сүйегінің сынығы	30

Ескертпелер: 1. Егер аталған асқынулар жарақат алғаннан кейін 3 ай өткен соң медициналық мекемеде анықталса, 57-бап бойынша сақтандыру төлемі иық жарақатына байланысты жүзеге асырылған сақтандыру төлеміне қосымша төленеді. 2. Егер иық аймағының жарақатына байланысты хирургиялық араласу жүргізілсе (бастапқы хирургиялық өңдеуді және бөгде заттарды алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасынан 10% қосымша бір рет төленеді.

58	Қолдың жарақаттық ампутациясы немесе кесіп тастауға әкеліп соқтырған ауыр зақым:	
	а) қолды жауырынмен, бұғанамен немесе олардың бір бөлігімен бірге	70
	б) иықты кез келген деңгейде	50
	в) жалғыз қолды иық деңгейінде	70

Ескертпе: Егер сақтандыру төлемі 58-бап бойынша төленсе, операциялық араласулар, операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша сақтандыру төлемі жасалмайды.

№	13-БӨЛІМ. ҚОЛ: ШЫНТАҚ БУЫНЫ	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
59	Шынтақ буыны аймағындағы жарақаттар	
	а) сүйек фрагменттерінің, соның ішінде иық сүйегінің айдаршық үстілерінің үзілуі, кәрі жілік немесе шынтақ сүйегінің сынуы, білектің шығып кетуі	5
	б) кәрі жілік немесе шынтақ сүйегінің сынуы	10
	в) кәрі жілік немесе шынтақ сүйектерімен бірге иық сүйегінің сынуы	15

Ескертпе: Бір жазатайым оқиғаның нәтижесінде 59-бапта көрсетілген әртүрлі дене жарақаттары орын алған жағдайда, сақтандыру төлемі ең ауыр жарақатты ескеретін тармаққа сәйкес жүргізіледі

60	Төмендегілерге әкеліп соқтырған шынтақ буыны аймағының жарақаттары:	
	а) буында қозғалыстың болмауы (анкилоз)	15
	б) шынтақ буынын құрайтын сүйектердің буын беттерін кесу нәтижесінде «салбырап қалған» шынтақ буыны	25

Ескертпелер: 1. Егер осы буындағы қозғалыстардың бұзылуын медициналық мекеме жазатайым оқиғадан кейін 6 ай өткен соң анықтаған болса және бұл осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, 60-бап бойынша сақтандыру төлемі шынтақ буыны аймағының зақымдануына байланысты жүргізілген сақтандыру төлеміне қосымша жүзеге асырылады. 2. Егер шынтақ буыны аймағының жарақаттануына байланысты хирургиялық араласулар жүргізілсе (бастапқы хирургиялық өңдеуді және бөгде заттарды алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасынан 10% қосымша бір рет төленеді.

№	14-БӨЛІМ. ҚОЛ: БІЛЕК	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
61	Білек сүйектерінің буын аймағынан басқа кез келген деңгейде (жоғарғы, ортаңғы, төменгі үштен бір бөлігі) сынуы	
	а) бір сүйектің сынуы, шығып кетуі	5
	б) екі сүйектің сынуы, бір сүйектің қос сынығы	10
62	Білек сүйектерінің бітіспеген сынығы (жалған буыны)	
	а) бір сүйектің	13
	б) екі сүйектің	26

Ескертпе: Егер жарақаттың бұл асқынуы жазатайым оқиға басталғаннан кейін 9 ай өткен соң медициналық мекемеде анықталса және бұл осы мекеменің анықтамасымен расталса, 62-бап бойынша сақтандыру төлемі білек жарақатына байланысты жүргізілген сақтандыру төлеміне қосымша жүзеге асырылады.

63	Төмендегілерге әкеліп соқтырған жарақаттық ампутация немесе ауыр зақым:	
	а) білектің кез келген деңгейіндегі ампутациясы	40
	б) шынтақ буынындағы экзартикуляция	50
	в) жалғыз қолдың білек деңгейіндегі ампутациясы	60

Ескертпелер: 1. Егер білек аймағының жарақатына байланысты хирургиялық араласу жүргізілсе (бастапқы хирургиялық өңдеуді және бөгде заттарды алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасынан 10% қосымша бір рет төленеді. 2. Егер сақтандыру төлемі 63-бап бойынша жүзеге асырылса, операциялық араласулар, операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша сақтандыру төлемі жасалмайды.

№	15-БӨЛІМ. ҚОЛ: КӘРІЖІЛІК-БІЛЕЗІК БУЫНЫ	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
64	Кәріжілік-білезік буыны аймағындағы жарақаттар	
	а) білектің бір сүйегінің сынуы, біз тәрізді өсіндінің (өсінділердің) үзілуі, сүйек фрагментінің (фрагменттерінің) үзілуі	5
	б) білектің екі сүйегінің сынуы	10
65	Кәріжілік-білезік буынында қозғалыстың болмауына (анкилоз) әкеліп соқтырған кәріжілік-білезік буыны аймағындағы жарақат	15

Ескертпелер: 1. Егер буындағы қозғалыстың жоқтығын медициналық мекеме жазатайым оқиға басталғаннан кейін 6 ай өткен соң анықтаған болса және бұл осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда 65-бап бойынша сақтандыру төлемі жүргізіледі. 2. Егер білезік буыны аймағының жарақатына байланысты хирургиялық араласу жүргізілсе, сақтандыру сомасынан 5% қосымша бір рет төленеді.

№	16-БӨЛІМ. ҚОЛ: ҚОЛБАСЫ	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
66	Білезік сүйектерінің, бір қолбасының алақан сүйектерінің сынуы	
	а) бір сүйектің (қайық тәрізді сүйектен басқа)	2
	б) екі және одан артық сүйектің (қайық тәрізді сүйектен басқа)	5
	в) қайық тәрізді сүйектің	5

Ескертпелер: 1. Егер қолдың жарақаттануына байланысты хирургиялық араласу жүргізілсе (бөгде заттарды бастапқы өңдеуді және жоюды қоспағанда), сақтандыру сомасынан 5% қосымша бір рет төленеді. 2. Білезік сүйектерінің (алақан сүйектерінің) және қайық тәрізді сүйектің бір жарақаты нәтижесінде сыну (шығып кету) кезінде сақтандыру төлемі әрбір дене жарақатын ескере отырып қосындылау арқылы жасалады.

67	Төмендегілерге әкеліп соқтырған қолбасы жарақаты:	
	а) бір немесе бірнеше сүйектің бітіспеген сынығы (жалған буын)	5
	б) барлық саусақтан айрылу, білезіктің немесе кәріжілік-білезік буынының алақан сүйектері деңгейінде кесіп тастау	50
	в) жалғыз қолбасын кесіп тастау	60

Ескертпе: 1. Егер жарақаттың бұл асқынуы жазатайым оқиға басталғаннан кейін 6 ай өткен соң медициналық мекемеде анықталған болса және бұл осы мекеменің анықтамасымен расталса, білезік сүйектерінің немесе алақан сүйектерінің бітіспеген сынығына (жалған буынға) байланысты сақтандыру төлемі 67, а) бабы бойынша қосымша жүзеге асырылады. 2. Егер сақтандыру төлемі 67, б) бабы бойынша жүзеге асырылған болса, операциялық араласулар, операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша сақтандыру төлемі жасалмайды.

№	17-БӨЛІМ. ҚОЛ: АЛАҚАН САУСАҚТАРЫ - БІРІНШІ САУСАҚ	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
68	Саусақтың сынуына әкеліп соқтырған саусақ жарақаты	3

Ескертпелер: 1. Тырнақ маңайы саусақ сүйегінің іріңді қабынуы (паронихия) сақтандыру төлемін жасауға негіз бермейді. 2. Егер саусақ сүйегінің (сүйектерінің) сынуына байланысты хирургиялық араласу орындалған болса, сақтандыру сомасынан 5% қосымша бір рет төленеді.

69	Екі буынның қозғалмауына әкеліп соқтырған саусақ жарақаты	5
-----------	--	----------

Ескертпе: Егер медициналық мекеме саусақ буынының (буындарының) қозғалмауын жазатайым оқиға басталғаннан кейін 6 ай өткен соң анықтаған болса және бұл осы мекеменің анықтамасымен расталса, 1 саусақтың функцияларының бұзылуына байланысты сақтандыру төлемі оның жарақатына байланысты жасалған сақтандыру төлеміне қосымша жүргізіледі.

70	Төмендегілерге әкеліп соқтырған саусақ жарақаты:	
	а) саусақ сүйектері аралық буын деңгейінде кесіп тастау (тырнақ фалангасынан айрылу)	5
	б) негізгі саусақ сүйегі деңгейінде, алақан сүйек-бунақ буынын кесіп тастау (саусақтан айрылу)	15
	в) саусақты алақан сүйегімен немесе оның бір бөлігімен бірге кесіп тастау	20

Ескертпе: Егер сақтандыру төлемі 71-бап бойынша жүзеге асырылса, операциялық араласулар, операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша сақтандыру төлемі жасалмайды.

№	18-БӨЛІМ. ҚОЛ: АЛАҚАН САУСАҚТАРЫ - ЕКІНШІ, ҮШІНШІ, ТӨРТІНШІ, БЕСІНШІ САУСАҚТАР	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
71	Төмендегілерге әкеліп соқтырған саусақ жарақаты:	
	а) бір саусақтың сынуы	2
	б) екі және одан артық саусақ сүйектерінің сынуы	5

Ескертпе: 1. Тырнақ маңайы буылтығының іріңді қабынуы (паронихия) сақтандыру төлемін жасауға негіз бермейді. 2. Егер саусақ сүйегінің (сүйектерінің) сынуына байланысты хирургиялық араласу орындалған болса, сақтандыру сомасынан 5% қосымша бір рет төленеді.

72	Екі немесе үш саусақ буынының қозғалмауына әкеліп соқтырған саусақ жарақаты	5
-----------	--	----------

Ескертпе: Егер медициналық мекеме саусақ буынының (буындарының) қозғалмауын жазатайым оқиға басталғаннан кейін 6 ай өткен соң анықтаған болса және бұл осы мекеменің анықтамасымен расталса, саусақ функцияларының бұзылуына байланысты сақтандыру төлемі оның жарақатына байланысты жасалған сақтандыру төлеміне қосымша жүргізіледі.

73	Төмендегілерге әкеліп соқтырған саусақ жарақаты:	
	а) негізгі саусақ сүйегі деңгейінде кесіп тастау (саусақтан айрылу)	5
	б) саусақтан алақан сүйегімен немесе оның бір бөлігімен бірге айрылу	10

Ескертпелер: 1. Егер сақтандыру төлемі 73-бап бойынша жүзеге асырылса, операциялық араласулар, операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша сақтандыру төлемі жасалмайды. 2. Қолбасының бірнеше саусағы зақымданған жағдайда сақтандыру төлемі әрбір дене жарақатын есепке ала отырып, қосындылау жолымен жүргізіледі. Алайда оның мөлшері бір қолбасы үшін сақтандыру сомасының мөлшерінен 50%-дан және екі қолбасы үшін сақтандыру сомасының мөлшерінен 90%-дан аспауы тиіс.

№	19-БӨЛІМ. ЖАМБАС	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
74	а) бір сүйектің сынуы	5
	б) екі сүйектің сынуы немесе бір тоғысымның үзілуі, бір сүйектің қос сынуы	15
	в) үш және одан артық сүйектің сынуы, екі немесе үш тоғысымның үзілуі	20

Ескертпе: Егер жамбас сүйектерінің сынуына немесе буындардың үзілуіне байланысты хирургиялық араласу жүргізілген болса, сақтандыру сомасынан 10% қосымша бір рет төленеді

75	Жамбасжілік буындарының қозғалмауына әкеліп соқтырған жамбас жарақаттары	
	а) бір буын	20
	б) екі буын	40

Ескертпе: Егер буында қозғалыстың жоқтығын медициналық мекеме жазатайым оқиға басталғаннан кейін 6 айдан кейін анықтаған болса және бұл осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, жамбас буыны (буындары) функциясының бұзылуына байланысты сақтандыру төлемі 75-бап бойынша жамбас жарақатына байланысты жүргізілген сақтандыру төлеміне қосымша жүзеге асырылады.

№	20-БӨЛІМ. АЯҚ: ЖАМБАСЖІЛІК БУЫНЫ	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
76	Жамбасжілік буынының зақымдануы	
	а) сүйек фрагментінің (фрагменттерінің) үзілуі, буын капсуласының жарылуы	5
	б) ұршықтың (ұршықтардың) оқшауланған үзілуі	10
	в) жасбастың шығып кетуі	10

Ескертпелер: 1. Егер бір сақтандыру жағдайының нәтижесінде жамбас буынының әртүрлі дене жарақаттары орын алса, сақтандыру төлемі неғұрлым ауыр дене жарақатын көздейтін тармақтардың біріне сәйкес төленеді.
2. Егер жамбас буынының жарақаттануына байланысты хирургиялық араласулар жүргізілген болса, сақтандыру сомасының 10%-ы, қаңқаны созу арқылы консервативті емдеу кезінде - 3%-ы қосымша бір рет төленеді.

77	Төмендегілерге әкеліп соқтырған жамбасжілік буынының зақымдануы;	
	а) жамбас мойнының бітіспеген сынығы (жалған буын)	20
	б) жасбам басын тілу нәтижесінде «ілініп тұрған» буын	40

Ескертпе: 1. 77-бапта көрсетілген асқынуларға байланысты сақтандыру сомасы бірлескен жарақатқа байланысты төленген сақтандыру сомасына қосымша төленеді. 2. Егер медициналық мекеме буында қозғалыстың жоқтығын жарақат алғаннан кейін 9 айдан кейін анықтаған болса және бұл осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда 77 а) бабы бойынша сақтандыру сомасы төленеді.

№	21-БӨЛІМ. АЯҚ: САН	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
78	Жамбастың сынуы	
	а) буын аймағынан басқа кез келген деңгейде (жоғарғы, ортаңғы, төменгі үштен бір бөлігі)	25
	б) қосарлы сынық	30
79	Бітіспеген сынықтың (жалған буынның) қалыптасуына әкеліп соқтырған сүйек фрагменттерінің үзілуінен басқа жамбас сынығы	30

Ескертпе: 1. Егер жамбастың жарақатына байланысты хирургиялық араласулар жүргізілсе (бастапқы хирургиялық өңдеуді және бөгде заттарды алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасының 10%-ы, қаңқаны созу арқылы консервативті емдеу кезінде 3%-ы қосымша бір рет төленеді. 2. Егер мұндай асқыну жарақат алғаннан кейін 9 ай өткен соң медициналық мекемеде анықталған болса және бұл осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, 79-бап бойынша сақтандыру сомасы жамбастың сынуына байланысты төленген сақтандыру сомасына қосымша төленеді.

80	Жарақаттық ампутация немесе аяқтың ампутациясына әкеліп соқтырған жамбастың кез келген деңгейіндегі ауыр зақым	
	а) бір аяқ	70
	б) жалғыз аяқ	100

№	22-БӨЛІМ. АЯҚ: ТІЗЕ БУЫНЫ	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
81	Тізе буынының жарақаттары	
	а) сүйек фрагментінің (фрагменттерінің) үзілуі, айдаршық үстінің сынуы, кіші жілік сүйегі басының сынуы, менискінің зақымдануы, тізе үстінің шығып кетуі, буын капсуласының жарылуы, байламдардың толық жыртылуы	5
	б) тізе үстінің, айдаршық үсті төмпешігінің, айдаршықтардың, асықты жіліктің проксимальды метафизінің сынығы	10
	в) кіші жілік сүйегінің басымен асықты жіліктің проксимальды метафизінің сынығы	12
	г) жамбас айдаршығының сынуы, сирақтың шығып кетуі	15
	д) санның дистальды метафизінің сынуы	20
	е) дистальды метафиздің, жамбас айдаршығының бір немесе екі асықты жілігінің проксимальды бөлімдерімен сынуы	25

Ескертпелер: 1. Тізе буынының әртүрлі зақымданулары біріктірілген кезде сақтандыру төлемі 81-баптың ең ауыр жарақатты көздейтін тармақшаларының біріне сәйкес бір рет жүргізіледі. 2. Егер тізе буыны аймағының жарақатына байланысты хирургиялық араласулар жүргізілсе (алғашқы хирургиялық өңдеуді және бөгде заттарды алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасынан 10% қосымша бір рет төленеді.

82 Төмендегілерге әкеліп соқтырған тізе буынының жарақаттары:

а) буында қозғалыстың болмауы	15
б) құрайтын сүйектердің буын беттерін тілу нәтижесінде «ілініп тұрған» тізе буыны	30

Ескертпе: 82-бап бойынша сақтандыру төлемі осы буынның жарақаттануына байланысты жүргізілген сақтандыру төлеміне қосымша жүзеге асырылады.

№	23-БӨЛІМ. АЯҚ: СИРАҚ	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
83	Сирақ сүйектерінің сынуы (буын аймағын қоспағанда)	
	а) кіші жілік, сүйек фрагменттерінің үзілуі	5
	б) асықты жілік, кіші жіліктің қосарлы сынығы	10
	в) екі сүйек те, асықты жіліктің қосарлы сынығы	15

Ескертпелер: 1. Егер жарақат нәтижесінде тізе немесе тобық буынында асықты жіліктің буынішілік сынуы және диафиз деңгейінде кіші жілік сүйегінің сынуы орын алса, сақтандыру төлемі 81 және 82-баптар немесе 86 және 87-баптар бойынша, қосындылау жолымен жүргізіледі.

84 Бітіспеген сыныққа, жалған буынға (сүйек фрагменттерін қоспағанда) әкеліп соқтырған сирақ сүйектерінің сынуы

а) кіші жілік сүйегі	5
б) асықты жілік сүйегі	15
в) екі сүйек те	20

Ескертпелер: 1. Егер мұндай асқынулар жазатайым оқиғадан кейін 9 ай өткен соң медициналық мекемеде анықталған болса және бұл осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, 84-бап бойынша сақтандыру төлемі сирақ сүйектерінің сынуына байланысты жүзеге асырылған сақтандыру төлеміне қосымша жүргізіледі. 2. Егер жіліншіктің жарақатына байланысты хирургиялық араласулар жүргізілсе (алғашқы хирургиялық өңдеуді және бөгде заттарды алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасынан 10% қосымша бір рет төленеді.

85 Төмендегілерге әкеліп соқтырған жарақаттық ампутация немесе ауыр дене жарақаты:

а) сирақтың кез келген деңгейде кесіп тасталуы	40
б) тізе буынындағы экзартикуляция	50
в) жалғыз аяқты сирағының кез келген деңгейінде кесіп тастау	75

Ескертпе: Егер сақтандыру төлемі сирақтың кесіп тасталуына байланысты жүзеге асырылса, онда хирургиялық араласу, операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша төлем жасалмайды.

№	24-БӨЛІМ. АЯҚ: ТАБАН БУЫНЫ	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
86	Табан буыны аймағындағы жарақаттар	
	а) бір жіліншіктің сынуы, жілік аралық синдесмозының оқшауланған үзілуі	5
	б) екі жіліншіктің сынуы немесе бір жіліншіктің асықты жілік сүйегінің ұшымен бірге сынуы	10
	в) екі жіліншіктің асықты жілік сүйегінің ұшымен бірге сынуы	15

Ескертпелер: 1. Жілік аралық синдесмоздың жарылуымен, табанның шала таюымен (шығып кетуімен) бірге жүретін тобық буына сүйектерінің сынуы кезінде сақтандыру сомасынан 5% қосымша бір рет төленеді. 2. Егер тобық буыны аймағының жарақатына байланысты хирургиялық араласу жүргізілген болса (алғашқы хирургиялық өңдеуді және бөгде заттарды алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасынан 10%, консервативті емдеу кезінде 3% қосымша бір рет төленеді.

87 Төмендегілерге әкеліп соқтырған табан буыны аймағындағы жарақаттар:

а) табан буынының қозғалмауы	15
б) «ілініп тұрған» табан буыны (құрайтын сүйектердің буын беттерін кесу нәтижесінде)	20
в) табан буынының экзартикуляциясы	30

Ескертпе: Егер тобық буынының жарақаттануы нәтижесінде асқынулар туындаған болса, 87-бапта көрсетілген сақтандыру төлемі ең ауыр зардаптарды ескеретін тармақтардың бірі бойынша жүзеге асырылады.

№	25-БӨЛІМ. АЯҚ: ТАБАН	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
88	Табан жарақаттары	
	а) бір сүйектің сынуы (асық сүйек пен өкшені қоспағанда)	2

б) екі сүйектің сынуы, асық сүйектің сынуы	5
в) үш және одан артық сүйектің сынуы, өкше сүйегінің сынуы, табанның өкше астының шығып кетуі, табанның көлденең буынының (Шопар) немесе тілерсекалды-тілерсек буынының (Лисфранк) шығып кетуі	10

Ескертпе: Егер сүйектердің сынуына немесе шығып кетуіне байланысты хирургиялық араласу жүргізілген болса, сақтандыру сомасынан 5% қосымша бір рет төленеді.

89 Төмендегілерге әкеліп соқтырған табан жарақаты:	
а) бір-екі сүйектің (асық сүйек пен өкшені қоспағанда) бітіспеген сынығы (жалған буыны)	5
б) үш және одан артық сүйектің, сондай-ақ асық сүйек пен өкше сүйегінің бітіспеген сынығы (жалған буыны)	10
в) тілерсекалды көлденең буынының (Шопар) бітіспеген сынығы немесе тілерсекалды-тілерсек буынының (Лисфранк) шығып кетуі	20
г) тілерсек-бунақ буындар деңгейінде кесіп тастау (табанның барлық саусақтарының болмауы)	25
д) тілерсекалды немесе тілерсек сүйектері деңгейінде кесіп тастау (табанның барлық саусақтарының болмауы)	30
е) асық сүйек, өкше сүйегі деңгейінде кесіп тастау (табаннан айрылу)	35

Ескертпелер: 1. Егер медициналық мекеме асқынуларды жарақатқа әкеліп соқтырған жазатайым оқиға басталғаннан кейін 6 ай өткен соң анықтаған болса және бұл осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, 89-бапта көзделген табан жарақатының асқынуына байланысты сақтандыру төлемі аяқтың жарақаттануына байланысты жүзеге асырылған сақтандыру төлеміне қосымша жүргізіледі. 2. Егер сақтандыру төлемі аяқтың кесіп тасталуына байланысты жүргізілсе, хирургиялық араласу, операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.

№	26-БӨЛІМ. АЯҚ: ТАБАН САУСАҚТАРЫ	Размер страховой выплаты (в % от страховой суммы)
90	Сынық	
	а) бір саусақтың	3
	б) екі-үш саусақтың	5
	в) төрт-бес саусақтың	10

Ескертпе: Егер саусақ сіңірлерінің сынуына, шығып кетуіне немесе жыртылуына байланысты хирургиялық араласу жүргізілген болса, сақтандыру сомасынан 3% қосымша бір рет төленеді.

91	Жарақаттық ампутация немесе төмендегілерді кесіп тастауға әкеліп соқтырған табан саусақтарының жарақаты:	
	а) бір саусақтың негізгі бунағы немесе тілерсек-бунақ буыны деңгейінде	5
	б) бір-екі саусақтың негізгі бунағы немесе тілерсек-бунақ буыны деңгейінде	4
	в) үш-төрт саусақтың тырнақ немесе ортаңғы бунақ деңгейінде	8
	г) үш-төрт саусақтың негізгі бунағы немесе тілерсек-бунақ буыны деңгейінде	8

Ескертпелер: Егер жарақатқа байланысты саусақ тілерсек сүйегімен немесе оның бір бөлігімен қоса кесіп тасталған болса, сақтандыру сомасынан 5% қосымша бір рет төленеді.

92	Төмендегілерге әкеліп соқтырған жарақат	
	а) лимфостаз, тромбофлебит, трофиктің бұзылуы	5
	б) остеомиелит, оның ішінде гематогенді остеомиелит	10

Ескертпелер: 1. 92-бап тірек-қимыл аппаратының жарақаты салдарынан (ірі шеткі тамырлар мен нервтердің дене жарақатын қоспағанда) және 3 айдан кейін болған тромбофлебиттер, лимфостаз және трофикалық бұзылулар кезінде қолданылады. 2. Саусақтардың іріңді қабынуы сақтандыру төлемін жасауға негіз бермейді. 3. Ауруларға байланысты (диабеттік гангрена, тығындалушы эндартериит, қан тамырларының бітелуі) аяқтың кесіп тасталуы сақтандыру сомасын төлеуге негіз бермейді.

№ 1 кесте

Көру қабілетінен айрылған кездегі сақтандыру төлемдері

Жарақатқа дейін	1	0,9	0,8	0,7	0,6	0,5	0,4	0,3	0,2	0,1	0,1-ден төмен
Жарақаттан кейін											
0,9	3	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
0,8	5	3	-	-	-	-	-	-	-	-	-
0,7	5	5	3	-	-	-	-	-	-	-	-
0,6	10	5	5	3	-	-	-	-	-	-	-
0,5	10	10	10	5	5	-	-	-	-	-	-
0,4	10	10	10	10	5	5	-	-	-	-	-
0,3	15	15	15	10	10	5	5	-	-	-	-
0,2	20	20	20	15	10	10	5	5	-	-	-
0,1	30	30	30	20	15	10	10	5	5	-	-
0,1-ден төмен	40	40	40	30	20	15	15	10	10	10	-
0,0	50	50	50	25	25	20	20	20	20	20	10

Ескертпелер:

1. 0,01-ден төмен және жарық сезінуге дейінгі көру өткірлігі (саусақ санау) толық соқырлыққа (0,00) теңеледі.

№2 Кесте

Күйік кезіндегі сақтандыру төлемдері (сақтандыру сомасынан пайызбен)

Күйік ауданы (дене бетінің %)	КҮЙІК ДӘРЕЖЕСІ									
	I	I-II	II	II-IIIА	IIIА	IIIА-III Б	III Б	III Б-IV	IV	
1-ден 10-ға дейін	-	-	3	3	10	10	15	15	20	
11-ден 20-ға дейін	4	4	5	5	20	20	25	25	35	
21-ден 30-ға дейін	6	6	7	7	25	25	45	45	55	
31-ден 40-қа дейін	8	8	9	9	30	30	70	70	75	
41-ден 50-ге дейін	10	10	11	11	35	35	70	70	90	
51-ден 60-қа дейін	15	15	16	16	40	40	70	70	95	
61-ден 70-ке дейін	20	20	21	21	45	45	70	70	100	
71-ден 80-ге дейін	25	25	26	26	50	50	70	70	100	
81-ден 90-ға дейін	30	30	31	31	55	55	70	70	100	
90-нан астам	35	35	36	36	60	60	70	70	100	

Ескертпелер:

1. Тыныс жолдарының күйіктері кезінде -30%.

2. Зардап шеккен адамның дене бетінің 1%-ы оның қолбасындағы алақан бетінің ауданына тең.